



ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті. 2016 жылғы 14 қазаннан шыға бастады. №2 (2) қараша 2016 жыл

КӨРМЕ



Елбасына арналған көрме

«1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мерекесіне орай «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы «Түркістан және Елбасы» тақырыбында көрме ұйымдастырды.

Берік БАЙБОЛОВ,
ғылыми қызметкер

2010 жылдан бастап қорық-мұражай жыл сайын Елбасына арнап көрме өткізуді дәстүрге айналдырған. Атап айтсақ, 2011 жылы «Елі сүйген Елбасы», 2012 жылы «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» болып бекітілген тұста Түркістан тарихи мұражайында «Елбасы өнегесі», «Елбасы тағлымы», «Елің сүйген Елбасы» тақырыбында көрмелер өткізді.

Көрменің ашылуында қорық-мұражай директоры Ж.Әубәкір, қала әкімінің орынбасары Ғ.Рысбеков, қалалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы міндетін атқарушы С.Қарпықбаев, ақсақалдар алқасының мүшесі Б.Мұсабеков құттықтау сөз сөйледі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Түркістандағы тарихи кездесулерінің маңыздылығын жас-жеткіншектерге көрсетуді мақсат тұтқан кезекті көрмесіне мұражай қорынан 50-ден аса жәдігер қойылды. Көрме экспозициясына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1985 жылы Қазақ ССР Министрлер кабинетінің бастысы тұсындағы және Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті ретіндегі бауырлас Түркия



Республикасының Президенттері – Тұрғыт Озал, Сүлеймен Демірел, Ахмет Сезар, Абдулла Гүл, Р.Т.Ердоғанмен кездесулері фотожәдірге ретінде қойылған. Түркістандағы ескіні дүниесіздік қазактар құрылтайы, ресми кеңестері мен қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілінде жарық көрген «Ғасырлар тоғасында», «Тарих толқынында», «Қазақстанский путь», «Евразийский Союз идея, практика перспективы», «Kutur Yildizi», «Nursultan Nazarbayev» секілді бірнеше кітап пен бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген мақалалары орын тепті.

Көрме 2016 жылдың 14 желтоқсанына дейін жалғасады.

Жаңғырған «Түркістан тарихы» музейі

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі «25 жылдыққа – 25 шар» жоспарын бекіткен болатын. Жыл басынан Жұма мешіті музейі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі осхана, құдықхана бөлмелері музейлендіріліп келушілерге қызмет жасауда. «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында «Түркістан тарихы» музейі есігін қайыра ашты. Қайта түлеген музей экспозициясы келушілерге Түркістанның тарихынан тың ақпарат берері сөзсіз.

Марат ТҮЯҚБАЕВ,
тарих ғылымының кандидаты

Бұл мұражайды құру идеясы өткен ғасырдың 90-шы жылдары көтерілген болатын. Алғашқы концепциясы да дайындалып (З.Жандарбеков) қызу талқыға түсті. Түркістанның 1500 жылдығы жайлы мәселе көтерілген соң бұл мұражайды құру қажеттілігі барынша сезілді. Алайда, қаражат тапшылығы және мұражай орналасатын мекенжайдың болмауы бұл іске қолбайлау болған-ды. 1990 жылы Түркия Республикасы мен Қазақстан арасында жасалған келісімшарт бойынша «Әзірет Сұлтан» кесенесінде реставрация жұмыстары басталған соң оның айналасы мен ортағасырлық қала территориясында орналасқан басқа да сәулет ескерткіштеріне археологиялық қазба жүргізу, зерттеп, реставрациялау мәселесі де көтерілді. Осы мақсатта 1995 жылы желтоқсан айында «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы мен Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты бірігіп «Түркістан археологиялық экспедициясы» құрды. Экспедиция Түркістан қаласы мен ауданында орналасқан ортағасырлық қалалар, қорымдар, т.б. зерттеп, болашақ «Түркістан тарихы» мұражайына материал жинақтау және Түркістан қаласының жасин нақтылауды басты назарда ұстанған еді. Экспедиция 1996-2000 жылдары аралығында



Иасы-Құлтобе, Шауғар-Шойтобе, Ескі Түркістан қалалары мен аудандағы 28 ортағасырлық қалаларға стратегиялық шұрғ және қазбалар салды. Нәтижесінде аса көп мөлшерде археологиялық жәдігерлер жиналып зерттеуден, реставрациядан өтті. 1997 жылы мұражай орналасатын мекенжай ретінде XIX ғасырдың аяғында Түркістан гарнизонының 1-ші атықшар батальонының төменгі шендегі офицерлеріне арналып салынған қазарма таңдалып алынды.

Ұлы Отан соғысы кезінде әскери коммисариат, кейінірек «Эластик» тігін фабрикасы орналасқан бұл құрылыс мұражай құруға әбден лайықты болатын. Дайындық жұмыстары басталып та кетті ұзындығы 70, ені 15 метрлік құрылысты 5 бөлшекке бөліп, фойесін қоспағанда 8 бөлшектен тұратын мұражай экспозициясының жобасы жасалынды. Алайда, Қазарма үйі «колониялық дәуірдің ескерткіші» деген үкіммен қала қорық аймағында тұрмауы тиіс деген шешім шығарылып, бұзылу қаупі төнді. «Қазайтаханғарту» мекемесі және «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының

басшылығы Мәдениет министрлігіне, облыс, қала әкімшіліктеріне хат жазып жүріп, басы саудаға түскен ғимаратты әреп алып қалды. Мұражайдың басты құжаты – тақырыптық экспозициялық жоспар дайындау қажеттілігі туған кезде бұл іске сол тұстағы ең беделді маман, Қазақстанның 30-дан аса музейінің ТЭЖ-н (тақырыптық экспозициялық жоспар) дайындаған Марат Әбдеш шакырылды. Ол кісіге Е.Смағұлов, М.Түяқбаев, А.Ержігітова жалпы көлемі 60 панкаға жинақталған Түркістан қаласы тарихына қатысты барлық археологиялық, архитектуралық, тарихи және ортағасырлық араб, парсы, түркі авторларының еңбектерінің ксеро, фотожәдірмесін жинап берді. 1999 жылы М.Әбдеш ТЭЖ-ды толық бітіріп, мұражай әкімшілігіне қолжазба түрінде өткізді. Алайда, онда әр бөлшегі арналған жетекші мөтіндер мен әр витринаға тиісті қосымша мөтіндер, тарихи еңбектерден үзінділер қарастырылмаған болатын, бұл жұмысты мұражай қызметкерлерінің өздеріне атқаруға тура келді. Сонымен бірге, витриналар ішіне ілінетін фотосуреттер, этикеткалар және

картина, паннолардың эскиздерін де мұражай қызметкерлері дайындады.

Жалпы саны сегіз бөлімнен тұратын мұражайға 24 үлкен, 32 кіші витрина, 16 тумба (куб түрінде), 16 сегіз қырлы тумба дайындалды (олардың барлығының жобасын сызып дайындаған «Қазайтаханғарту» мекемесінің бас директоры Қ.Қ. Түяқбаев). Ең қиыны қазарма үйін толық қайта жаңғыртудан өткізу болды. Республикалық бюджеттен бұл жұмысқа бір теңге де қаражат бөлінбеген-ді. Сондықтан, кесененің басқа сәулет ескерткіштері мен абаданандыруға бөлінген қаржыны барынша үнемдеп, артылған аз-маз қаражатты осы Қазармаға жұмсауға тура келді. Нәтижесінде 38 терезе, 11 есік жаңартылды. Қазарма 9 бөлшекке бөлініп, реставраторлар, қызметкерлер отыратын бөлмелер, қаспа, экскурсоводтар бөлмелері мен санитарлық және жылтыту жүйелері бөлмелері жабықталды.

Мерекеге 60 күн қалғанда реставрация жұмысы толық бітіп, мұражай экспозициясын құру басталды. Есіктен кірген жердегі фойенін артқы қабырғасына Түркістан қаласының XV-XIX ғасырлардағы қорғандар мен кесененің Құлтобенің үстінен 1870-ші жылдары түсірілген фотосуреті негізінде дайындалған үлкен панно (диорама түрінде) салынды, авторы белгілі архитектор Н.Иманжанов. Оның алдына Түркістан оазисінің картасы қалаларымен тіріліп орналастырылды. Екі жаңына Археология институты сыйға берген VI-VII ғасырларға тән түркілік балбал тастар қойылды. Мұражай экспозициясы сағат жүрісі бойынша орналастырылғандықтан келесі I зал «Бағзы заман» деп аталып мұнда тас, қола және ерте темір дәуірлерінің жәдігерлері қойылды. ТЭЖ бойынша мұнда негізінен Түркілік дәуірдің бастапқы кезеңі ашылуы тиіс еді, мұның себебі, сол тұста (1998-1999 жылдары) біздің қорда бағзы заманды көрсететін 7-ақ экспонат бар еді. Құдай қараканда тап сол 2000 жылы қаладан 6 шақырымдай жерден қола, сак, түркі дәуірлерін қамтыған Шербай қорымы табылып, жәдігерге байып қалдық, қола дәуірінің өзін 40-қа жуық ыдыс және т.б. заттар жиналды.

Тайқазан кесенеге қалай қайтарылды?

Орта ғасырдан бұл заманға жеткен әлемдегі ең үлкен алып қазанды кезінде Әмір Темір Түркістанға таяу Қарнақ өлді мекенінде жасатып, өзі садырған Ахмет Ясауи кесенесіне сыйға тартқаны белгілі. Бес ғасырдан бері қойған орнынан қозғалмай, қазандық бөлмесінде тұрған жәдігер қазан 1935 жылы Санкт-Петербургте өткен Иран шеберлері мен археологиясына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның көрмесіне қою үшін садырылғаны да құжат арқылы анық еді.

Нұрмахан НАЗАРОВ,
ақын, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері

Көрмеге қойған қазан туралы баяндамада (А.Иванов) егжей-тегжей сонда толық айтылғаны «Тәуелсіздік қарлығашы» атты мақалада көрсетілген. (Н.Назаров) «Шежірелі Түркістан» 203-бет «Ордабасы» баспасы. Аталған мақалада, сол сияқты 2003 жылы «Жас алаш» газетінде берілген сұхбатта (А.Оспанов), 1989 жылғы 3 қарашада «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған Ө.Шәріповтің «Тайқазанның таңғажайып құпиялары» атты мақаласында тайқазанның қайта оралуына Мәскеу, Кремль, КСРО, еңбекші депутаттарының съезіне жолданған қос желделхаттың шешуші ықпал жасағаны нақты құжаттар арқылы дәлелденген.

Алайда, Тайқазанның қалай,

қайтіп оралғаны жөнінде қисынды-қисынсыз хикаялар көп-ақ. Көріп, біліп отырса да біраз зиялысымақ, білгішсымақтар шындықты айтса, ауыздары қисайып қалатындай, беттері қызармай күмілжіп, мінгірлеп, терісқапқайға салады.

– Тайқазанның қайта оралуы туралы әркім әртүрлі баяндайтын сияқты, шындығын айта аласыз ба? – деп, көп кісілер әлі күнге сұраумен келеді. Жақында, тайқазанның шағыз несі – «Әзірет Сұлтан» мавзолейі басына. Аталған мақалада, сол сияқты 2003 жылы «Жас алаш» газетінде берілген сұхбатта (А.Оспанов), 1989 жылғы 3 қарашада «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған Ө.Шәріповтің «Тайқазанның таңғажайып құпиялары» атты мақаласында тайқазанның қайта оралуына Мәскеу, Кремль, КСРО, еңбекші депутаттарының съезіне жолданған қос желделхаттың шешуші ықпал жасағаны нақты құжаттар арқылы дәлелденген.

Мен 1988-1995 жылдары «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайында директор болып істедім. 1989 жылы маусым айының басында мұзейдің жетекші қызметкерлерін жинап: – Эрмитаждағы Қазанды қайтару жөнінде өзіміз де әрекет жасайық. Қазіргі кезде Мәскеу Одақтағы Республикалардың тарихына, әдет-ғұрпына дұрыс ниетпен



қарай бастаған сияқты. Одақта аса абыройлы болып тұрған А.И.Лукияновқа (КСРО Жоғарғы Кеңесі төрағасының орынбасары) хат жолдайды – деп, желделхаттың мөтінімен таныстырдым. Қызметкерлер бірауыздан қолдады.

1989 жылы 6 маусымда желделхат салдым, сол күні «желделхат қабылданды» деген жауап телеграмма келді (көшірмесін бердім).

1989 жылы 4 шілдеде, желделхат берілген соң, 28 күннен кейін КСРО Мәдениет министрі Захаровтың: – Эрмитаждағы Қазан Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи мавзолейіне қайтарылсын – деген бұйрығы шықты.

Осы бұйрықты орындауды нақты көрсетілгенін нұсқап маған міндеттеп, сол кездегі мемлекеттік мәдениет комитетінің төрайымы Ахметовадан желделхат келді. Сол күні қалалық партия комитетінің I хатшысы қалада болмады да, қалалық атқару комитетінің төрағасына барып «сүйінші» дедім. Ол желделхатты оқыды да,

– Біз де Горбачевтің әйеліне одақтанып «балалар қорының» одақтанып хат жазғанбыз. Алматымен өзін хабарласамын. Жұмысыңды істей бер – деді. Бірнеше күннен соң «қалалық атқару комитетінің төрағасы Тайқазанды әкелуде Ленинградқа

кетіпті, қасында екі-үш дос-жарандары бар» деген әңгімені жауапты кісілерден естідім.

Мұны әдепсіздік әрі заңсыздық деп түйіп, Ленинградтағы Эрмитаждың директоры Б.Б. Пиотровскийке – министр Захаровтың бұйрығында көрсетілгендей, жертенный котелды (тайқазан) тек қана Мавзолейдің жауапты қызметкері қабылдауын сұраймын, – деп екінің желделхатты жөнелттім.

3-4 күннен соң қала атқомы төрағасының орынбасары: – Сіз Эрмитажға бармасаңыз болмайды екен, төраға қайта-қайта қоңырау соғып жатыр – деді.

Жолға шығауға асықпадым, бір жағы әділетсіздік қандай болады екенін сезінген деп ойладым. Бірнеше күннен кейін, кеште қалаатқом орынбасары тағы да қоңырау соқты. Бірінші хатшы шақырып жатыр, тез барыңыз – деді. Мен қолымдағы құжат-хаттарды, жоғарының мені міндеттеген құжаттарын алып, бірінші басының үйіне бардым.

Менің «Ассалаумағалейкум» жауабы: – Сен не, Эрмитаждағы қазанды қайтаруға қарсысың ба? – болды. Барлық құжатты жайып салып, мән-жайды айттым. – Келген соң оның мәселесін бюрода қараймын, – деді. Ертеніше Ташкент арқылы самолетпен

Ленинградқа ұшып бардым. Эрмитажға келсем, қалаатқом төрағасы алдыман шығып: – қазанды көлікке арту үшін «шупакровка» жасап, 10-15 күннен кейін бізге хабарлайтын болды, – деді. Келген ізіммен қайтып кеттім.

Кейін, менің талабыма орай, Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары В.И. Кутовойдың және менің қатысуыммен, менің атыма жазылған сенімхат арқылы, мен қол қойған өткізу-қабылдау актысы бойынша Эрмитаждағы Қазан Түркістанға әкелінді, ашығын айту керек Қазанды Эрмитаждан шығару, автомашинаға артуда қалаатқом төрағасы мен оның достары жақсы жұмыс істеді.

Өрине, қасиетті Тайқазанның өз Отанмызға оралғанына менің ғана сенім тиді десең ұят болар, дүниежүзілік маңызы зор мәдениет жаунарына қайтадан өзіміз ие болғанымызға Ахмет Ясауи бабамыз бен әлемді тітірктен Әмір Темір әруақтары жәрдем берген шығар, Республикамыздың бұрынғы басшыларының, шеттес, тілектес қоғам мәдениет қайраткерлерінің ықпалы болды.

Көп ұзамай министрлікке «арызымды жазып», «өз еркіммен» лауазымдық қызметті тапсырдым.

Егер, әділіне барсақ Тайқазанның туған Отанына оралуына алғаш сұрау көрнекті мемлекет қайраткері этнограф-ғалым, Алаштың ардақты азаматтарының бірі – Өзбекәлі Жанібеков болатын. Ахмет Ясауи мавзолейінің комплексін түгел музейлендіруге төндесіз қайраткерлік жасаған да Өз-ағам болатын.

Менің соңғы қоңырауды қаққанымын пісіп тұрған алманш сөл екіпне сабағынан үзіліп түскеніне сәйкес келген деп айтсақ та жетеді. Тайқазан өз тұғырына қонған соң, жергілікті басшылардан маған ашық қысым заңсыз жасалды. Тайқазанға арналған садақаға бірнеше қор ұйымдастырылып, өздері маскара болды. Бәріне тойтарыс беріп отырдым. Қалған хикаялар тағы бірде шертілер...

Президент архиві киелі шаһарда

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және халықаралық ЮНЕСКО ұйымының тарапынан 2016 жыл «Қожа Ахмет Ясауи жылы» болып жариялануына орай 4 қараша күні «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы және Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві бірлесіп ұйымдастырған «Елдің интеллектуалдық капиталы – тәуелсіздіктің рухани іргетасы» тақырыбындағы тарихи-құжаттық көрменің ашылуы болды.

Атауды көрмеге ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Жапаров, ОҚО Тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасының басшысы Н.Шарафиев, Облыстық мәслихат депутаты Б.Сүлейменов, Түркістан қаласының әкімі Ә.Өсербаев, қалалық мәслихат хатшысы Ғ.Сәрсенбаев, қалалық ақсақалдар алқасы, жоғары және орта арнаулы оқу орнындағы басшылары мен студенттері, музей қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Алғашқы сөз кезегін алған «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының директоры Ж.Әубәкір айтулы көрменің маңыздылығы жөнінде және Елбасының ерен еңбегінің арқасында қазіргі Қазақстан ынтымағы жарасқан іргелі

мемлекетке айналғанын айтып өтті. Киелі қаламызға рухани көшті бастап келген Б.Жапаровқа алғыс хатпен бірге музейдің баспа өнімдерін сыйға тартты.

Түркістан қаласының әкімі Ә.Өсербаев қонақтарға зор алғыс айта отырып, осындай игі істердің жалғасын табатынына сенім білдірді. Көрме экспозициясынан Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне сақтауға алынған Қазақстанның жүріп өткен жолы мен егемендігінің еңселі кезеңдерін көрсететін құжаттарды тамашалауға болды.

Сонымен қатар, Елбасының қасиетті Түркістанға әр жылдары келгендегі фотосуреттері мен тарихи құжаттары қойылған.

Келелі ой қозғаған дөңгелек үстел

4 қараша күні «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы және Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві бірлесіп ұйымдастырған «Елдің интеллектуалдық капиталы – тәуелсіздіктің рухани іргетасы» тақырыбында тарихи-құжаттық көрме аясында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстел жұмысына ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Жапаров, Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ғ.Рысбеков, музей директоры Ж.Әубәкір, ОҚО архивтер құжаттама және тіл дамыту басқармасының басшысы Н.Шарафиев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті археология институтының директоры Қ.Жетібаев, қалалық ақсақалдар алқасы, жоғары және орта арнаулы оқу орнындағы басшылары мен студенттері, музей қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Жұмыстың модераторы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ж.Әубәкір ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Жапаров мырзаға алғысын айтып тілек лебіздерін жеткізді. Келесі сөз кезегін алған Б.Жапаров «Еліміздің жаңа ғасырдағы басты бағдары

«Қазақстан-2050» Стратегиясы жеті басымдықтан тұрады», – дей келе Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиыналыста сөйлеген сөзінде ерекше мән берген ел алдындағы жеті қазына жайлы қысқаша тоқталды.

Салтанатты іс-шараға жиналған зиялы қауым өкілдері Астанадан арнайы келген ҚР Президенті Архивінің басшысына, ұжымына киелі мекенге басқан қадамдарына құттық болсын айтып және «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы басшылықтарына алғыстарын жеткізді.

Дөңгелек үстел соңында қонақтарға музей әкімшілігі атынан «Ясауи мұрасы» республикалық мәдени-танымдық газеті мен таула жарық көрген «Восьмь граней Нурсултана Назарбаева» атты кітабы сыйға таратылды.

Маңызды ынтымақтастық

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы және Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві бірлесіп ұйымдастырған «Елдің интеллектуалдық капиталы – тәуелсіздіктің рухани іргетасы» тақырыбындағы іс-шаралар аясында ҚР Президенті Архиві және «Әзірет Сұлтан»

мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы мәдени ынтымақтастықты нығайту барысында екі жақты меморандумға қол қойды. Меморандум аясында тараптар өзара тиімді ынтымақтастық үшін ғылыми-зерттеу және мәдени жобаларды бірлесіп іске асыру мәселелері қолға алынатын болмақ.

ОҒЫЗДАРДАН ҚАЛҒАН ӘУЛИЕ



→ 2

КЕЙКІ БАТЫР КІМ БОЛҒАН?



→ 3

БАТЫРДЫҢ ҚОЛТАҒБАСЫ



→ 4

Кейкі батыр кім болған?



Тұтас бір ұлттың намысын арқалаған ақбөрен қолбасшы Кейкі батырдың басы сүйегінің елге қайтарылуы – елдігіміз бен ерлігімізді паш еткен игілікті іс екендігі басы ашық ақиқат нәрсе. Батырдың аты мен ерлігін барынша дәріптеп, оның денесін салт-дәстүрімізбен арулап жерлеу қабырғалы халық, іргелі ел екендігіміздің көрінісі екендігі даусыз.

Тарихи тұлғаларымыздың атын дәріптеу және олардың мұрасын сақтау еліміздің абырой-беделін арттырып, ұлттық рухымызды өсіреді. Зиялы қауым өкілдері, тарихшы ғалымдар және батыр ұрпақтарының пікірін ескере келе, батырдың денесі көмілген орынды іздестіру, оны анықтау және жерлеу рәсіміне дайындықты үкімет келесі жылғы жаздың соңына дейін жүргізу қажет деп шешті.

Еске сала кетсек, батырдың бас сүйегі Мәскеуден Астанаға 6 қазан күні жеткізілді. 93 жыл бойы Санкт-Петербург қаласындағы Кунсткамерада сақталып келген. Қазіргі уақытта Мәдениет және спорт министрлігі Мажарстанның жаратылыстану ғылымдары музейінің мамандарымен бірлесіп, Кейкі батырдың бас сүйегіне антропологиялық сараптама жасауда. Оның барысында батырдың келбеті қалпына келтіріліп, заманауи технологияны қолдану арқылы ДНК сараптамасы жүргізіледі.

Сонымен Кейкі батыр кім еді? Кейкі (Нұрмағанбет) Көкембайұлы (1871-1923) – 1916 жылғы Торғайда болған ұлт-азаттық көтерілісінің батыры, атақты мерген. Орта жүз құрамындағы Қыпшақ тайпасының Құландық руынан шыққан. Қостанай облысы, Аманкелді ауданының Байтума қоспасында дүниеге келген.

Азан шақырылған шын аты – Нұрмағанбет. Жастайынан аңшы,

мергендігімен, өжеттігімен аймаққа танылған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел аузында: «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама сақталған. Кейкі Көкембайұлы Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығы себеп болған (ел аузында «июнь жарлығы» деп аталады) Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне алғашқы күндерінен белсене араласып, сол көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болды. Көтерілісшілердің негізгі қарулы күші – мергендер жасағын басқарған. Көтеріліс штабының ең қауіпті тапсырмаларын орындап, жиі-жиі барлауға шығып тұрған. Күйік қоспасындағы соғыста, Торғай қаласын қоршау кезінде және патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы соғыс ұрыс – Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсетті.

1919 жылы, 18 мамырда Торғай ояздық соғыс комиссары, халық батыры Амангелді Иманов өлтірілгеннен кейін Кейкі батыр қуғынға ұшырап, біраз жыл Ұлытау, Қызылқұм жағында бой тасалайды. Ақыры, қызыл әскердің солдаттары, оны қолға түсіріп, айуандықпен өлтіреді. Олар мергеннің екі қолы мен басын кесіп алады. Кейкі батырдың басын бір ай бойы Торғай қаласының орталық алаңына сырыққа шаншып қояды. Кейін мергеннің бас сүйегін Орынборға жөнелтеді, ал 1926 жылы республика астанасының Қызылордаға көшуіне байланысты, Санкт-Петербургке алып кеткен.

Кейкі батырдың әдебиеттегі бейнесі Фаби Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасында Кете батыр болып суреттеледі. Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы кияда» кітабында жұмбақталып айтылады. Кейкінің қарасөзінде жасалған көркем бейнесі Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романында кеңірек баяндалады. Кейкі бейнесі өз атымен анық айтылып, қанық бояу дерегімен түгелденіп шыққан шығарма – Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастаны (Алматы, «Білім», 2001).

1996 жылы Кейкі батырдың 125 жыл толуына байланысты ас беріліп, ескерткіші орнатылды.

«Өзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі

ЖЫР АРҚАУЫ – ЯСАУИ

Адырбек СОПЫБЕКОВ,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі



Қожа Ахмет Ясауи - кемеңгерім, әулием

Қожа Ахмет Ясауи – кемеңгерім, әулием, Сүйген құлы Алланың шарапатың, бар қиенің. Опа болмай ешкімге өтті-кетті қарасаң, Талайлардың басынан құбылмалы дүниен. Сыр тартамын шым-шымдап тұңғықтың түбінен, Көз ілмеймін сонда мен ойға батып түнімен. Шатты-бұтты тірліктің түңілемін көбінен, Бөрің байқап солардың сенің келіп аруағың, Қадағалап тұрғандай болады аспан көгінен. Өзіне тартқан күн көзін көк мұнары күмбезің, Медет болған пендеге алдына кеп егілген. Тіріде басы сыймаған хан мен батыр, билерің, Топырағы бұйырып, орың бердің төріннен. Тірісінде тірлігін сезіп тұрдың бөрінің, Не ойлағаны жалғанда білмейтін өңінен. Толқымалы заманда басын қосып халқыңның, Өз жерінен жауына сыннық сүйем бермеген. Жанатта боп жандары, жолдас болсын иманы, Осылай тілек тілері – кейіңгі ұрпақ өрбіген. Ғаріп, пақыр, кірпіттар паналайтын өзіңді, Опа таппай еш жерден бұл өмірден түңілген. Сырттың бермес өзеге, ал өзіне, әулием, Басы иіліп талайдың, тік белі де бүгілген. Өзіңе келер алдында Арыстанбаба түнегем, Бұдандағы бұрын да тіземді мен бүгіп ем, Мінежат қып тағы да келіп тұрмын бүгін мен. Өзіңе кеп «тауба!» деп қол қусығар мұсылман, Ауыр жүк түсіп мойнынан арқа-басы кеңіген. Пайғамбардың інісі Өзіреті Әлінің, Он бесінің атадан ұрпағы боп келіп ең. Талақ етіп жалғанды бар нәсілден тазарып, Шын пейіліңмен беріліп, бақилықа көніп ең. Бір Аллаға сиыншыл қылуыңды дайындап, Пайғамбардың жасында жер астына еніп ең. Мынау фәни жалғанға, бәлкім өзін боларсың, Рахым түсіп Алланың, Пайғамбарым жіберген. Тан алдында бұл жерден сенің айтқан азыңа, Естілетін сол кезде сонау Мекке жерінен. Бір Алланың ақ жолын табу менен тауанда, Тінін тартып жібектің үзілмейтін жібінен. Тұрар дәйім бійте сенің мәңгі рухың, Пендең келер тәу етіп, дәремет күтіп жөнімен. Көктен қарап тұрмысың, пенделерге көз салып, Қу тірліктің қамымен жер бетінде жүрген. Шапағатты әулием – Қожа Ахмет Ясауи, Сені ойласам қашанда маңдай терім жібіген. Байлық, мансап жат маған, басқа тілек тілерім, Кемеңгерім, әулием, алдына кеп жүгінем!

Ақшаның пайда болу және даму тарихы

Толқын ЖОЛДАСОВ

Адамзат тарихында түрлі қоғамдар өзара байланыста дамыған. Ол байланыстар саяси, сауда-саттық, әскери т.б. болуы мүмкін. Қалай болғанда да, бұл байланыстар адамзат тарихын құрушы негізгі оқиғалар болып отырғандығы белгілі. Қоғамдық ерекшеліктер нәтижесінде бір қауымға біріккен топтардың, көршілес қауымдармен құрған байланысының түрі көп жағдайда сол қоғамның одан әрі дамуына немесе керісінше тарих сахнасынан жойылып кетуіне де себеп болып отырған. Күшке негізделген байланыстар оқшаулауға алып келіп отырса, сауда-саттыққа негізделген қатынастар керісінше бір қоғам мен екінші қоғамның өзара барынша ашық байланыс құруларын талап етеді. Сондықтан, бұл байланыс қоғам дамуында әрдайым прогрессивтік сипатқа ие болып отырды.

Сауда-саттық тарихтың даму кезеңдерінде түрлі сипатта жүріп отырды. Алғашқы кезеңдерде сауда қатынасының айырбас түрі қолданылды, яғни, белгілі бір қоғам немесе жеке тұлға өз қолындағы тауарды келесі бір қауымның немесе жеке адамның сұранысына сай алмастырып алып отырған. Өрне сауданың бұл түрі қоғамның сұранысын толықтай өтей алмайтындығы белгілі. Ойткені, қолда бар белгілі бір тауарды келесі бір қажетті тауарға айырбастау үшін сол тауарды қажет етіп отырған екінші бір тарапты табу керек болады.

Бұл оқылықты жою мақсатында ежелден қауымдар әртүрлі балама ақша түрлерін шығарып отырды. Мәселен түрлі қоғамдарда теңіз бақалаштары, түрлі формалардағы тастар, асыл тастар мен сүйектер айырбас құралы ретінде қолданылып отырғандығы белгілі. Алайда, тек белгілі бір шекара аймағында ғана қолданыста жүргендіктен, ол да жалпы қоғамдық сипатқа ие бола алмады. Сондықтан, сауда-саттықта барлық ортада қажет ететін әмбебап төлем құралының қажеттілігі туындады.

Темір өндірісінің дамуымен әмбебаптық төлем құралы түрлі металдарға таныла бастады. Жалпы металл, адамзат өркениеті дамуының серпінді қозғаушы күші болғандығы белгілі. Ол қоғамдық өмірдің барлық саласында үлкен сұранысқа ие болды. Соның нәтижесінде металды игеру мен өндіу әдісінің жетік үлгілерін менгерген қауым өз дәуірінің алдындағы қатарлы елдерінің сапына

Ең алғашқы металл ақша түрлері



Ең алғашқы қағаз ақша түрлері



қосылып отырды. Металдан қару-жарақтар, түрлі еңбек құралдары, әшекей бұйымдар, тұрмыстық заттар сияқты өркеніет дамуының құрамдас қажеттіліктері жасалып отырды. Бұл ғалымдар тобы ең алғаш ақша соғу ісін б.д.д. VII ғасырда Жерорта теңізінің Иония тұрғындарына теліді. Бүгінгі таңда ғалымдардың көпшілігі ең алғаш ақшаларды металл (алтын, күміс, темір және т.б.) әмбебап төлем құралдарынан талап етілетін ерекшеліктерге ие айырбас құралы болатын. Металды өндіру және өңдеу технологиясы өте күрделі болғандықтан оның құны да жоғары бағаланды. Металдың кристалдық құрылымы белгілі бір мөлшерде сауда жүргізуге қажетті бөлігін бөліп алып немесе үстемелеп қосып отыруға да мүмкіндік берді.

Осылайша сауда-саттық қатынаста металл ақшалар дәуірі басталды. Жалпы сауда байланысы тарихында металл ақшалар дәуірі – ең ұзақ өмір сүрген кезең. Металл ақшалардың қазіргі таңда белгілі болып отырған ең көне б.д.д VIII-VII ғасырлардан бастау алған үлгілерінен бастап, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Металл ақшалардың шығу тарихы турасында көптеген пікірлер орын алған. Кей ғалымдар ең алғаш

Металл бұйымдарының ақша қызметін атқаруы



металл ақшаны Аргос патшасы Фидон Эгина аралында соқтырған деген пікірді ұстанса, біреулері ең алғаш ақша соғушылар лидиялықтар деген пікірді ұстанды. Үшінші бір ғалымдар тобы ең алғаш ақша соғу ісін б.д.д. VII ғасырда Жерорта теңізінің Иония тұрғындарына теліді. Бүгінгі таңда ғалымдардың көпшілігі ең алғаш ақшаларды металл (алтын, күміс, темір және т.б.) әмбебап төлем құралдарынан талап етілетін ерекшеліктерге ие айырбас құралы болатын. Металды өндіру және өңдеу технологиясы өте күрделі болғандықтан оның құны да жоғары бағаланды. Металдың кристалдық құрылымы белгілі бір мөлшерде сауда жүргізуге қажетті бөлігін бөліп алып немесе үстемелеп қосып отыруға да мүмкіндік берді.

Осылайша сауда-саттық қатынаста металл ақшалар дәуірі басталды. Жалпы сауда байланысы тарихында металл ақшалар дәуірі – ең ұзақ өмір сүрген кезең. Металл ақшалардың қазіргі таңда белгілі болып отырған ең көне б.д.д VIII-VII ғасырлардан бастау алған үлгілерінен бастап, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Металл ақшалардың шығу тарихы турасында көптеген пікірлер орын алған. Кей ғалымдар ең алғаш

деген деректер бар. Қытайда қағаз ақшалар кең көлемде айналымға 1271-1368 жылдар аралығында, Юань әулеті билік құрған кезеңде енгізілді. Алайда қытайдағы экономикалық жағдайдың нашарлауы банкноттардың ақша құралы ретінде айналымда жүру мүмкіндігін тоқтатып тастады. Сондықтан, ғалымдар қағаз ақшалардың пайда болуына қажетті шарттарды қарастырып, олардың орнына қанша көлемде құлды металдары бар екендігі көрсетілген кепілдендірме қағаздар алып отырған. Бұл қағаздар зергерлердің шеберханаларында сақтауға алынған құнды металдармен кепілдендіріліп отырғандықтан, саудада толыққанды ақша құралы ретінде жүрді. Осылайша, бұл шеберлер көптеп жинақталып қалған құнды металдар есебінен басқа адамдарға да кепілдендірмелер жазып беріп, алғашқы қағаз ақшалардың пайда болуының алғышарттарын жасады. Қағаз ақшаларды айналымға ендіру ісі әр елде әр кезеңде іске асты.

Қазіргі таңда бұл ақша дамуының 4 кезеңі – электронды ақшалар кезеңіне аяқ басу үстіндеміз. Ең алғаш 1871 жылы АҚШ-тың Western Union компаниясы телеграфпен электронды ақшалар аударып, электронды ақша аударымдарының кезеңінің бастау алуына жағдай жасады.

Электронды ақшаның дамуындағы екінші сағы – банк есепшотында сомалары бар клиенттердің өз есептерінен айыруда түбіртектер жазып беріп отырумен жалғасын тапты.

1993 жылы Калифорния университетінің докторы, информатика және менеджмент докторы Дэвид Чаум электронды ақшалар идеологиясының жаңа технологиясын ұсынды. Бұл eCash жүйесі болатын. 1994 жылы АҚШ-та eCash жүйесімен интернет арқылы ең алғаш сауда жасалды. 1995 жылы американдық Mark Twain Bancshares банкі өз қызметтерінде eCash төлем жүйесін қолдана бастады. Осы жылы Еуропада мобильді телефондар арқылы транзакциялар жасауға мүмкіндік беретін PhonePaid жүйесі іске қосылды. Осылайша ақшаның даму тарихындағы 4 кезең – электронды ақшалар кезеңі бастау алды.

КЕСЕНЕДЕ КІМДЕР ЖЕРЛЕНГЕН?

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде және айналасына жерленген қазақтың хандары, абыз-әулиелері, билері мен батырлары:

1. Қожа Ахмет Ясауи XII ғ.
2. Қоқырас хан XII ғ.
3. Шорнағат хан XII ғ.
4. Лияс хан XII ғ.
5. Саад әулие (Жолбарыс хан) XII ғ.
6. Айша Хұшгадж Мұсақожақызы XII ғ.
7. Есім хан 1627-1628 ж.ж.
8. Жәнібек хан 1643 ж.
9. Жәңгір хан 1652 ж.
10. Тәуке хан 1715 ж.
11. Тұрсын хан 1717 ж.
12. Қайып хан 1718 ж.
13. Болат хан 1723 ж.
14. Сәмеке хан 1738 ж.
15. Жолбарыс хан 1740 ж.
16. Сейіт хан 1745 ж.
17. Сығай хан 1750 ж.
18. Барак хан 1750 ж.
19. Әбілмәмбет хан 1771 ж.
20. Абылай хан 1711-1781 ж.ж.
21. Әбілфейіз хан 1783 ж.
22. Тәуке хан 1797 ж.
23. Болат хан 1798 ж.
24. Есім хан 1798 ж.
25. Тоғай хан 1816 ж.
26. Бөкей хан 1819 ж.
27. Әликең хан 1860 ж.
28. Маман сұлтан Барак хан ұлы XIX ғ.
29. Қасым Сұлтан Абылайұлы XIX ғ.
30. ...Қожа... 1431-1432 ж.ж.
31. ...Әмірзада Әли... 1438 ж.
32. Бақи Сұлтан Мір Қалани XV ғ.
33. Рәбия Сұлтан Бегім 1485 ж.
34. Қожа Дәруіш Мұхамед 1504-1514 ж.ж.
35. Жалайыр Байшегір Токтыбекұлы XIV-XV ғ.ғ.
36. Мүбәрәк Шах Сұлтан 1519 ж.
37. Мәстүра Ханым 1519 ж.
38. Аман Бике Ханым (Жәнібек ханның қызы) 1519-1520 ж.ж.
39. Құл Мұхаммед Сұлтан 1524 ж.
40. Шуджа Ад-Дин Халил Мырза 1533 ж.
41. Мұхаммед Әмір Хан 1541 ж.
42. Шуджа Ад-Дин Мансұр Мырза 1533-1543 ж.ж.
43. Құдайбердіұлы Токтасын 1543 ж.
44. ...Токтасын... 1543-1544 ж.ж.
45. Мұхаммед Әмір Хан XVI ғ.
46. Бек-Шайқым Қожа XVI ғ.
47. Белгісіз XVI ғ.
48. Хадиша Сұлтан XVI ғ.
49. Қосдәулет Нұрби Абыз XVI ғ.
50. ...Сұлтан... 1582 ж.
51. Ондан Сұлтан 1585 ж.
52. Дана Бибі Мір Қалани 1597 ж.
53. Жаплас Бекен Мырза Тұрғынбайұлы 1588-1598 ж.ж.
54. Ысқақ Қожа Шайх-Ул Ислам XVII ғ.
55. Қаракесек Шаншар Абыз Бұлбұлұлы XVI-XVII ғ.ғ.
56. Қаракесек Бертіс Би Шаншарұлы XVII ғ.
57. ...Насыр-Ата 1679-1680 ж.ж.
58. Шекті Тілеу Батыр Айтұлы 1630-1684 ж.ж.
59. Шекті Жолдақ Батыр Тілеуұлы 1665-1684 ж.ж.
60. Қарона Бибі 1689 ж.

(Жалғасы келесі санда)



Саурбек Әліев
Саурбек & Әліев

ТУРКИСТАН
Сол жақтан: Маман Журбаева
Өңір жазған: Саурбек Әліев

Саурбек Елеуов 1955 жылы 10 мамырда көне қаланың орны – ескі Сауранның іргесінде дүниеге келген.

1979 жылы Шымкент қаласы Өл-Фараби атындағы педагогикалық-мәдениет институтының мәдени-ағарту жұмыстары факультетін бітірген.

Алғашқы әндерін сексенінші жылдардың басынан бастап жаза бастаған Саурбек – 80-нен астам әннің авторы. Оның «Апатайым, анашым», «Бесік жыры», «Жұлдызым», «Айналайын», «Армысындар, адамдар», «Туған жер», «Айдында жүзген ақулар», «Қарақұм», «Гүлбаһар», «Әке даусы», «Ғанидың жұлдызы», «Домбыра сазы», «Түркістан», тағы басқа да әндері қазақ радиосы мен теледидарында жиі орындалып жүр.

Ол Шәмші Қалдаяқов атындағы Республикалық өнер байқауының тұңғыш жүлдегері, Түркия мемлекеті Афион қаласының «Құрметті азаматы», Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының иегері.

Қазіргі таңда Түркістан қаласы К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Спорт және өнер факультеті, Актерлік өнер кафедрасының меңгерушісі.



Бірінші халықаралық «Eurasian Book Fair-2016»

Жақында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен бірінші халықаралық «Eurasian Book Fair-2016» астаналық кітап көрме-жәрмеңкесі өтті.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында бас қалада ұйымдастырылған кітап көрме-жәрмеңкесіне «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы да қатысты. Мұнда музейден шыққан баспа өнімдері көпшілік қауым назарына ұсынылды.



ҚЫСҚА-НҰСҚА

- «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі Ұлыбританиядан келген Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін ағылшын тіліне алғаш тәржімалаушы белгілі ғалым Джонатан Трапман мұрамен шығармашылық мәдени ынтымақтастықты нығайту жөнінде келісімшарт меморандумына қол қойды.
- «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде Түркия елінен келген Ясауитанушы, ғалым И.Ясавига құрмет көрсетілді. И.Ясави мұражай арасындағы қарым қатынасты одан әрі дамыту үшін күші салатынын және де Түркияға келген сайын ерекше көңіл күйде болатынын атап өтті.
- «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайында өз бастауын алған «Абыстан жеткен асыл сый» акциясы жалғасын тапты. Бұл жылы түркістандық қолөнерші шебер Н.Хамрақұлов пен қажы М.Шалапов көнеңіз көзінде, асылдың өзіндей болған ата-бабаларынан мұраға қалған қолжазбаларды музей қорына табыстады. Ал, Шәкір қари болса отбасылық үрдіске айналған бас киім (тақия) тізгуде арнаған ағаштан жасалған ескі жәдігер-қалыпты мұражайға сыйға тартты.
- «Әзірет Сұлтан» кесенесінде жерленген тұлғалар тізіміне Сүйліш батырдың енгізілуіне орай жасалған. Жыныс келген Сүйліш батыр ұрпақтарына музей директоры Ж.Дүбікәрі батыр бабаларының тізімге енгізілуін айғақтайтын сертификатты табыстады. Сонымен қатар, музей жанынан шыға бастаған «Ясауи мұрасы» газеті мен баспа өнімдерін сыйға тартты.

Батырдың қолтаңбасы

Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ ауылында туған.

Имаш бабасы 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан, кирил алфавитімен оқуды меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты ұлы Момышқа табыстаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі.

1921 жылы аса бастауыш мектеп-интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жетіжылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп болатын. Бауыржанмен бір сыныпта Әбділла Тәжібаев және Құрманбек Сағындықов оқиды. 1928 жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы Қазақ педагогикалық институтына оқуға түседі, алайда тұрмыс жағдайына байланысты оқуды тәмәмдей алмайды.

Кейін біраз уақыт мүлдетін болған ол кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған



ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен Бауыржан данқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі

қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен жарқырай көрінді.

Бауыржан Момышұлы жау шештеріне ішкерілей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алған қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Ол сондай-ақ әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның

атақ-даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында әдемі суреттелді.


Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды. Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналысып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының ізден оқитын шығармаларына айналды. Олар бірнеше қайтара басылып шығады. Бауыржан бірнеше орден, медальдармен нағрадалады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батыр» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.

Әлемнің сөзгінін көрелімі - Сауран мұнаралары

Кезінде араб жиһанкөздерінің жазбаларында өлемнің сегізінші көрелімі саналған тербелмелі мұнаралар Сауран қамал-қаласының даңқын алысқа жайғаны мәлім.

XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында А.Кун түсірген фотосурет ешкімді де бейжай қалдырмасы анық.

Сәулет өнерінің биік сатысына көтерілген хас шеберлер өз туындысымен еріксіз тандай қақтырған. Жапсарлас орналасқан қос мұнараның біріне шығып, азан шақырылғанда екіншісі тербеліске түсетіні кезінде тылсым күшке баланған.



Жалт-жүлт еткен МОНШАҚТАР

Қазақтың зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алды. Сан ғасырдың сарабынан өтіп, біздерге қаймағы бұзылмай жеткен халқымыздың қастерлі де дәстүрлі қолөнері көптеген салаға бөлінеді. Солардың ішінде түрі жағынан да, мән-мазмұны жағынан да аса бай, шоқтығы биік тұрғаны – зергерлік өнер.

Айгүл ҮРКІНБАЕВА, ғылыми қызметкер

Зергерлік өнер – тамырын тереңнен алатын дәстүрлі мәдениеттің көрікті де көрнекті саласы. Зергер болу киелі де қасиетті өнер иесі саналған. Сондықтан да болар ел ішінде: «Зердің жайын зергер білер, Алның жайын мерген білер» деп босқа айтпаса керек-ті. Археологиялық зерттеулердің нәтижелері зергерлік өнердің өте ерте кезден-ақ жоғары деңгейде дамығанын дәлелдеп береді. Археологтар зергерлік өнерді Қазақстан территориясында б.з.д. 2 мыңжылдыққа жатқызды. Зергерлік бұйымдар қатарына алтыннан, күмістен, қоладан жасалған алқа, шолпы, білезік, сырға, моншақ, қапсырма, жүзік, тұмар, т.б. жатқызуға болады.

Қазақ әйелдерінің зергерлік сәндік әшекей бұйымдарының бірі – моншақ. Моншақ – мойынға тағатын, ұсақ, түрлі-түсті, пішіні әртүрлі (шар тәрізді, сопақша, қырлы) әшекей бұйым. Ол асыл тастардан, басқа да бағалы заттардан жасалынады. Моншақ сөзі екі түбірдің бірігуі арқылы пайда болған. Сөздің алғашқы буыны «мон» көне түрік тіліндегі бойун (бойын), богін, «Кодекс куманикусте» кездесетін «Мойын» – дене мүшесінің атауы екендігі аңғарылады. Ал сөздің екінші сыңары жай сөз жасашуы жұрнақ қана емес, көне түрік тілінде «Чағ», «Чек» мағынасындағы сөздер қазіргі ұғыммызда байлау етістігі орнына жұмсалған, яғни Моншақ сөзінің өз бастағы алғашқы мағынасы «мойынға байлау» екендігі сөзсіз. Моншақтың сонау ерте замандарда қолданыста болғандығын қазба жұмыстары нәтижесінде табылған әшекей бұйымдары да дәлелдейді. Моншақ неолит дәуірінде тастан және сүйектен, қола дәуірінде металдан, ежелгі Египетте шыныдан, орта ғасырларда Венецияда, Русьте, Орта Азияда, т.б. жерлерде шыныдан, асыл тастардан жасалды. («Қазақстан»: Ұлттық энциклопедиясы / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж, VI том, 27 бет).

Моншақтың түрі де, атауы да мол. Оның кең тараған түрлері: ақық моншақ, ала моншақ (қара ала көзді), алыс моншақ (көз тимеуі үшін), әңгір моншақ (күміске тізілген әшекей моншақ), бет моншақ (сәукелеге, кимешекке тағылатын), жақ моншақ (алтын, күміс қозалармен, асыл тастармен бұршақтап, үзбелеп жасалған салпыншақты әшекей, әйелдердің бас-киіміне тағадан), көз моншақ, күміс моншақ, қызыл моншақ, меруерт моншақ, су моншақ (ұсақ тастардан тізілген), тай-тұяқ моншақ, тал-тал моншақ, тана моншақ, шаш моншақ, шұбыртпа моншақ.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында Отырар өңірінде табылған заттардың коллекциясында табиғи тастардан өңделіп жасалған моншақтарды кездестіруге болды. Олар негізінен моншақтарды сердолик, яшма, лазурит, ағат, халцедон, т.б. түрлі-түсті тастардан және ақ, көк, қара тауғи шыныдан жасалған. Осындай зергерлік бұйымдарға қолданылған асыл тастарға ғажап қасиеттер таңылған. Мысалы, маржан



түрлі түсті тастарды қырлау мен тегістеу әдісін жетік білген. (Қазақстан тарихы, 2 том, 516 бет, Алматы, «Атамұра» баспасы, 2010 жылы) [7. 516].

Моншақ – әсемдік үшін түрлі түсті уақ тастарды жіңішке жіпке тізіп жасалатын әшекей. Ертеде моншақ тағу салты әртүрлі наным-сенімге байланысты шыққан, жіпке тізілетін түрлі түсті тастарға үкі, бүркіт тұяғын, қасқырдың тісін және т.б. қоса байлап, оны адамға зиянкес күштерден, жаманшылықтан сақтану үшін таққан. Қазақ, өзбек, қырғыз және т.б. түркі халықтарында көз моншақ, қарашай-балқарларда қолданылған қараңғылық моншақ (қараңғыда қорықпау үшін тағылатын моншақ), тәжік халқындағы чашми («көз»), «қоз тио» деген ұғымдарға байланысты қолданылады) деп аталған.

Моншақтарды тіл-көзден сақтану үшін пайдаланған. М.Қашқаридың көрсетуінше түркі халықтарында моншақты «аттың мойнына тағылатын тұмар, қымбат тас немесе жолбарыс тырнағы» деген ұғымда қолданған.

Қазақта құда түсуге байланысты қалыңдық айттырып келгенде жігіт жағғы болашақ келінін құлағына сырға салған немесе тана таққан, мойнына моншақ, білегіне білезік салған.

Бұлардың қайсысын тақса да, ол қыздың айттырылғанының белгісі болып саналған. Сондықтан бұл кәде тағылатын заттың түріне қарай «сырға тағар», «тана тағар», «моншақ тағар», т.б. деп аталған.

Халық шеберлері кейбір зергерлік бұйымдарға, киімдерге, саз аспаптарына әдемілігін, көркемдігін арттыру үшін тастардан тізілген моншақтар таққан. Соған байланысты моншақ қондырған сақинаны «моншақты сақина», домбыраны «моншақты домбыра», тақияны «моншақты тақия» деп атаған.

Материалына қарай моншақтар ақық моншақ, күміс моншақ, меруерт моншақ, інжу моншақ деп ажыратылады. Ертеде моншақ жасауға тас, күміс, өсімдік пайдаланылған. Мысалы, қалампырдың дөнін араластырып тізіген моншақ түрін «қалампыр маржан» деп атаған. Оның себебі: ертеде халық арасында кейбір өсімдіктер, жиде, қалампыр, арша, тұт, жаңғақ, долана және т.б. тұқымы мен жемісі қасиетті саналғандығынан болса керек. Осындай өсімдіктерді жіпке тізіп моншақ жасап, оларды тұмар ретінде таққан. Оның мойнына тағатын бұйым болғандығы туралы халық жырларында: – Қыздар тағар мойынға, қалампыр маржан текшеліп, – деп сипатталады.

Оңтүстік өңірлерде ертеде жүзімнің дөнінен моншақтар жасаған. Мұндай моншақ «өңір моншақ» деп аталған. Оны тіл-көзден сақтау үшін жас балалардың білегіне, киіміне таққан. Ал кейбір аймақтарда әйелдер тағатын күміс моншақ «өңір моншақ» деп аталған.

Моншақтар тағылатын орнына қарай «жакмоншақ», «бетмоншақ», «шашмоншақ» деп бөлінеді. Әйелдердің бас киімі әшекейі – жакмоншақ деп аталады. Оны асыл тастармен бұршақтап, алтын-күміс қозалармен үзбелеп жасаған. Ал қырғыз халқында мұндай әшекейді «жаак» деп атаған.

Қазақ тұрмысында сәукеле мен кимешектің екі жағына және маңдайына моншақ таққан. Мұндай моншақтарды бетмоншақ немесе сәукеденің бетмоншағы деп атаған. Бетмоншақ негізінен жас келіншектің бас киіміне тағылған. Мысалы, жас келіншектің қонақтарға қызмет етіп жүргенде бетмоншағының абайсызда үзіліп қалуы ұят саналған. «Ұялды, қатты қысылды», яғни «бетмоншағы түсті», «бетмоншағы үзілді» деген сөз орамдарын қолданғандығын байқауға болады.

Ал қыз-келіншектердің шашының ұшына тағылатын әшекей «шашмоншақ» деп аталады. Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырларында: – Құдай қосқан жарына барамын деп, Баянның шаш моншағын қолына алды, – деп көрсеткен.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қорында бірнеше үлгісі сақталуда. Соның бірі дөңгелек формалы моншақ, АКТ-№31.28.08.2003. ИНВ №970, КК №2336, құрамы – күміс, өлшемі - L-58. Моншақ қара түсті, араларына металл түтікшелер қосылып тізіліп жасалған. Төменгі жағына төрт тыннан жасалған бөлшектер, біреуі әсемделіп ою іспеттес болып қырқылған. Беті өрнектеліп, көк эмальмен боялған, пластина ілмектері арқылы ілінген

Келесі моншақ – тас моншақ, яғни «янтарь моншақ» деп аталады. АКТ-№1.11.1.2001. ИНВ №549, КК №1757, құрамы – тас, өлшемі L-13. Моншақ әртүрлі формада жасалған, сарғыш түсті. Бұл тастардың емдік қасиеті бар, яғни зоб ауруын емдеуге пайдаланған.

Янтарьдың тарихына тоқталар болсақ, негізінен янтарь – Балтық теңізінің жағалауында көптеп өндіріледі. Ғалымдар өсімдіктер мен жануарлардың көптеген тасқа айналған іздерін табу арқылы янтарьдың тас емес екендігін дәлелдеген. Янтарь дегеніміз бірнеше заманнан бері жер қойнауында сақталып тасқа айналған шайыр. Жер қыртысында өсімдіктер мен жануарлардың тасқа айналған қалдықтары, іздері, таңбалары арқылы янтарьдың да тас емес шайыр екендігі дәлелденді. Шайыр қылқанжапырақты ағаштардан ұдайы бөлініп, қабығының сыртына шығып ағып тұрады. Егер ағаш зақымданса (кесілсе, сынса) шайыр тіпті көп ағады. Шайыр өте хош иісті, мөлдір, сәл сарғыш түсті созылмалы зат, ауада тез қаятады. Ол өсімдікті әртүрлі зиянкестерден қорғайды, абайсызда зақымданған жерін бітеп микробтардан сақтайды. Сондай-ақ, шайырды өндіріс орындарында да кеңінен пайдаланған. Табылған янтарьдың қабаттарынан бірге қатып сақталған жәндіктердің дене бөлшектері, өсімдіктердің гүл, жапырақ сабақ қалдықтары бар екендігі анықталды. Янтарьды қазып алған соң тазалап қайта өңдеп әртүрлі пішінге келтіріп әшекей бұйымдар, яғни сырға, моншақ, шолпы, ыдыс және т.б. жасаған.

Қорыта айтқанда, қазақ мәдениетінде халқымыздың қанына сіңген зергерлік өнер мен зергерлік бұйымдар ұлттымыздың баға жетпес байлығы және мол мәдени мұрасы ретінде мыңдаған жылдар бойына болашақ ұрпақтарымыз үшін сақталып қалды тиіс.

СКАНВОРД

Көне жәдігер	→									Тасты жер
Бет әлпеті	→		Қап тауы	→						↓
			Түркістан облысының шығарушы Қуас				Автокөлік маркасы			
				↓		Пайғамбар сахабасы				
						Түркістандағы өзінше маазыры				
						Намаз уақыты			Жанарқадағы елді мекен	
									Нәубет Асыл жан Асыл тас	
			Қазақ ханы							
			Қазақ атауы балықшы							
						Босану				
						Ор				
			Шардара-ның сыңары Байрақ				Жылқы тұқымы			Пайғамбар
			Шалбар бөлігі Жөлігер							
			Бу							
							Қазақ батыры			Шежіре
Сыздық інісі	→									
Нұр, арай	→						Қатты су			Ақы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Дәулет ҚОЖАМҰРАТОВ

Беттеуші-дизайнер
Самат КЕРИМОВ

Редакцияның мекенжайы:
Түркістан қаласы,
Тәуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
e-mail: azret-sultan@mail.ru

Байланыс: 8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г күйігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған мақалалардың көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұны редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 2000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, 22 үй.

Кезекші редактор
Берік БАЙБОЛОВ

Тапсырыс №2